



Автор: Боранова Гүлбаршын Көшербайқызы

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз

Тақырып: Үстеу. Мезгіл үстеу. Мекен үстеу.

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	6.1.1.1 -мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау; 6.1.2.1 -әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (жаңалық, құттықтау) көтерілген мәселені талдау
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады:Мәтін атауын болжай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады:Көтерілген мәселені талқылай алады. Кейбір оқушылар орындай алады:Жаңалық,құттықтау мәтіндерінде көтерілген мәселені талдай алады.
Жетістік критерийлері	Тыңдалым мәтінің болжау,көтерілген мәселені талқылау
Тілдік мақсаттар	Оқушылар істей алады: әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарды меңгереді. Диалог пен жазу үшін қажетті сөздер мен тіркестер: салт-дәстүр,құндылық,әдет-ғұрып.
Құндылықтарды дамыту	Халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін дәріптеу.
Пәнаралық байланыстар	Әдебиет,география
Бастапқы білім	Етіс түрлері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыр кезеңі. Шеңбердегі алғыс. Қабырғадағы сұрақтар әдісі. Өткен сабақты,ережені пысықтау мақсатында берілетін тапсырмалар 1-тапсырма. Тыңдалым алды тапсырмасын беру арқылы оқушыларға тыңдайтын мәтіннің мазмұнын болжату:жаңа тақырып туралы ойланту.Суретте қазақ халқының салт-дәстүрлері көрсетілген.Оқушылармен суреттегі салт-дәстүрлер турасында пікір алмасып,олардың қалай,қашан орындалатынын,қандай мақсатты көздейтінін,өздері қандай дәстүрлердің куәсі болғанын т.б. сұрау арқылы салт-дәстүрлер туралы білім қалыптастыра отырып,тыңдалым мазмұнын болжату.	https://itest.kz/kz/ent/qazaq-tili/morfologiya/lecture/usteu-turleri-emlesi-sojlemdegi-qyzmeti «Суреттер сөйлейді» әдіс/
Сабақтың ортасы (30 минут)	2 –тапсырма Тыңдалым . 20- аудиомәтінді мұқият тыңдау А тапсырмасы.Тыңдаған ақпараттар бойынша нақты сұрақтарға жауап беру.Мәтінде кездесетін салт-дәстүр,ұлттық ойын атауларын жарыса атап,олардың қашан,қандай жағдайда жасалатын дәстүр екені,қандай рәсімдер орындалатыны туралы пікір алысу. Ә тапсырмасы. Әлеуметтік-мәдени тақырыпта диалог құрау. Қазақтың дәстүрлі жиын тойларында айтылатын дайын тілдік қолданыстарды мәтінмен байланыстыру арқылы коммуникативтік жағдаятта қолданылуын түсіндіреді. Кері байланыс. Смайликтер арқылы бағалау.	«Аудиомәтін» тыңдау әдісі 5e04392329a4.jpg type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (3 минут)	Б тансырмасы. Көтерілген мәселені талқылау. Мәтінде айтылған ер жігіт пен қыз балаға тән қасиеттерді атап, одан да басқа қандай қасиеттердің болу керектігі туралы ой өрбіту.	
Үйге тапсырма: (2 минут)	В тапсырмасы. «Ешкімнің ала жібін аттама» тіркесінің мағынасын түсініп, қандай жағдайларда қолданылатынын білу. Оқушылар арасында осы тіркесті шынайы өмірмен байланыстыра отырып, өзара пікір алысады.	5e043a18c0315.png Image not found or type unknown